



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Халық ісін орнын салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.
3. Адам баласы бір-біріне өкімші де, құл да болған.
4. Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молда үкіметтей ақша алса - сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалақы алған молдалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді.
5. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса - башқұртша көріп мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді.
6. Біздің қазақ ұлтының автономиясы жерге байлаулы автономия болмақ.
7. Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол табамыз деп, адам аспас асқар белден асамыз деп, жұрт ілгері басатын іс қыламыз деп таласады.
8. Қазақ сайлауы - жұртқа келген бір жұт: сайлау жылы мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз қалады.
9. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса - үкімет ісін бөліп қойған оң болады.
10. Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.
11. Байлық басы көпке байлаулы емес - базарда ақша болатынға байлаулы.
12. Байлық түбі - ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.
13. Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері басып болады.
14. Талас-тартыс жоқ болса - өмір абақтыға айналар еді.
15. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса - қазақ халқы соңынан ерер еді.
16. Әр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды.
17. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.
18. Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры.
19. Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.[2]<http://bilim-all.kz/figure/108?posts=quotes>

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 <http://referat.resurs.kz/ref/alihan-bokeyhanov>
- 2 Сарбаз © sarbaz.kz
- 3 <http://bilim-all.kz/figure/108?posts=quotes>

ӘОЖ 340.7

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Әбілжан Дидар Сәбитұлы

sabitulydidar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, сәулет-құрылыс факультеті,
геодезия және картография кафедрасының 2 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Д. Мырзатаев

Түйіндеме

Студент мақалада жоғары білім беру саласын құқықтық реттеудің теориялық аспектілеріне тоқталып отыр. Сонымен қатар, жоғары білім беру ісі қоғамдағы қажеттіліктердің ең маңыздысы, ол қоғамның өзі тұжырымдаған игілік-ізгілік қағидаларын ұстануға ұмтылыс болып табылатындығы айтылған. Мемлекеттің қуаты мен игілігі сол қоғам мүшелері алатын білімнің деңгейіне байланысты. Сондықтан да, экономикалық және ғылыми прогрестің дамыған

заманында жоғары білім берудің басты құқықтық міндеті құлықтылықтың абзал мұраттарына деген сенімді ояту, өмір мәнін түсіне білуге жетелеу екендігін атап көрсеткен.

Кілттік сөз: жоғары білім, ізгілік, ғылыми прогресс, құлықтылық, қоғам.

Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады. Шын мәніне келгенде, елдер тек тауарлар мен қызметтер өндіре отырып бәсекелеспейді, сонымен бірге олар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйесі арқылы бәсекеге түседі. Қоғам қай заманда да өз азаматтарының нені меңгеріп және қалай оқып - біліп жетілгенін жіті қадағалап отырған. Өйткені, қоғам мүшелерінің өздерінің әл-ауқаты мен игілігі ғана емес, сонымен қатар бүкіл мемлекеттің қуаты мен игілігі де, түптеп келгенде, сол қоғам мүшелері алатын білімнің деңгейіне байланысты. Осыған орай, экономикалық және ғылыми прогрестің заманы болып есептелетін қазіргі кезеңде жоғары білім берудің басты міндеті құлықтылықтың абзал мұраттарына деген сенімді ояту, әркімді өмір мәнін түсіне білуге жетелеу болып отырғаны тегін емес. Сондықтан да, жоғары білім беру саласындағы құқықтық білімді үнемі толық түсу процесі және айтарлықтай дәрежеде жеке тұлғаның қалыптасуы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың жетілу процесі деп қараған жөн. Жоғары білім берудің құқықтық міндеті – әрбір адамға өз дарыны және бар шығармашылық қарым-қуатын толық ашуға мүмкіндік беру. Демек, әркімге өзінің жеке жоспарын жүзеге асыруға жол ашу деген сөз. Бұл басты мақсат болып табылады. Оның ұзақ уақыт пен қажырлы еңбек арқасында қол жеткен жетістіктері ХХІ ғасырдағы Қазақстанның дамуына қосылған негізгі үлесі болмақ. Жоғары білім берудің құқықтық аспектілерін қайта қарап, әркімге өзгелерді бар ерекшеліктерімен түсінетіндей және бейберекет қозғалыспен бірлікке қарай бет алған әлемді ұғынатындай мүмкіндік жасау керек. Ал, мұны біліміне, ой-толғамына, тәжірибесі мен өзіне-өзі сын көзбен қарау арқылы өзін-өзі түсіне білуге үйренуден бастаған жөн. Жоғары білім беру ісі қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы жолында бірқатар міндеттер атқаруы тиіс. Әлеуметтік қажеттіліктердің ең маңыздысы осы қоғамның өзі тұжырымдаған игілік-ізгілік қағидаларын ұстануға ұмтылыс болып табылады [1].

Мемлекеттік саясаттың қай саласы болмасын белгілі бір нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, сол секілді білім саласында да, осы саланы реттейтін белгілі бір заңдар, ережелер, халықаралық келісімдер және сол секілді ресми, заңды күші бар құжаттар бар. Мұндай құжаттардың кез-келген елдің білім жүйесінен алатын орны ерекше, себебі осы заңдар білім жүйесін толықтай реттеп, олардың даму бағытын анықтайды. Интернет желісінің пайда болуымен бірге жоғары білімнің дамуы жаңа қарқын ала бастады, жаһандық білім әртүрлі елдердегі студенттердің еркін байланысуына, шексіз ақпарат ағымына ие болуға және басқа сансыз мүмкіндіктерге жол ашты. Интернет жаһандану, интеграциялану процесін сан мыңдаған есе жиілетіп жіберді. Осы нәрсенің арқасында қашықтықтан оқу барынша сапалы және қолжетімді білім алу түріне көшті [2].

Білім саласын Ұлттық деңгейде реттейтін өз еліміздегі заңдарға тоқталатын болсақ, сөзсіз Ата заңымыз – Конституциядан бастаған жөн. Конституциямыздың 30-бабы толықтай дерлік Қазақстан азаматтарының білім алуына арналған, мәселен осы баптың 2-тармағында былай делінген: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар», бұл бойынша жыл сайын мемлекет белгілі бір көлемде талапкерлерге арнап грант бөледі және ол конкурс негізінде іске асады. Ал 30-баптың 3-тармағында: «Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады» – деп жазылып, мемлекеттік грантқа ие болу мүмкіндігіне қол жеткізе алмаған азаматтарға білім алудың жолы көрсетіледі. Конституцияның толықтай бір бабының білімге арналуы, азаматтардың білімі мемлекет үшін өте маңызды дүние екендігін көрсетеді [3].

Қазақстандағы жоғары білімдегі реформалардың маңызды шарттарының бірі еліміздің Болон процесіне жедел кіруі және үш деңгейлі моделге енуі болды. Қазір көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық моделін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады:

- жоғары базалық білім, жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

- жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

- докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының диапазонының кеңеюі мен олардың нарықтық экономика талаптарына сәйкес икемділігі мен шоғырлану дәрежесін күшейтуге бағытталған. Жоғары білімнің бұл моделінің жүзеге асырылуы өзінің өміршеңдігі мен өзектілігін көрсетті, сол сияқты оның келешекте әрі қарай өзгертілу қажеттілігін пайымдады. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің үш деңгейлі моделінің даму бағыттары майда мамандықтар түрін қысқартып, оларды кеңірек пәндерге, бағдарламаларға біріктіруді, бизнеспен өзара әркеттестікті арттыруды, түлектердің еңбек нарығындағы қажеттілігін қамсыздандыруды қамтиды. Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуының келесі бір жағымды тұсы – институционалдық құрылымдардың, оқыту бағдарламалары мен формаларының әр тараптандырылуы, олардың университеттік білім беру жүйесіне бейімделуі. Қарастырылып отырған үдерістің маңызды бір тұсы жеке білім беру секторының дамуы мен кеңеюі болды[4]. Қазақстанның жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, олардың жоғары білім беруде кредиттік жүйені енгізу жағдайларында кәсіби хабардарлығының бейімделуі жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді. Заман талабы отандық жоғары білім беру жүйесінің әлемдік білім үрдісіне интеграциялануын талап етеді. Мұның өзі тек біздің қалауымыз емес, ол -бүгінгі күннің шындығы.

Әлемдік білім жүйесіне интеграциялау қажеттілігін жоғары мектептің қазіргі деңгей құрылымдары мен біліктілікті түпкілікті қайта қарастырмайынша тиімді іске асыра алмаймыз. Осыған байланысты еліміздің жоғары білім беру жүйесіне мамандарды дайындаудың халықаралық стандарттарын енгізу аса маңызды да өзекті мәселе. Білім беру жүйесіндегі жасалған реформалаудың алғашқы қадамдары жаңа өзгерістердің пайда болуына алып келді.

Жоғары білім беруді құқықтық жетілдірудің негізгі мақсаты – біздің мамандардың әлемдік талапқа, бәсекеге қабілетті бола алатынына жағдай жасау болып табылады. Сондықтан да, дүние жүзіндегі жоғары білім жүйесінің даму тәжірибесін зерттеу және ұлттық білім беру жүйесін халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестендіру бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр.

Қазіргі Қазақстанда жоғары білім мәселесі экономикалық жағдайға тікелей байланысты. Бірақ, бұл мәселені шешуде тек қаржылық-экономикалық жағдаятқа ғана сүйенуге болмайды. Жоғары білімді реформалауға кешенді түрде қарап, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторларды да ескеруі керек.

Қазіргі білім берудегі интеграциялық процесстер кеңістігінде әлемдік елдердің озық тәжірибелерінен тәжірибе жинақтау негізі басшылыққа алынуда. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек құтыламыз. Инновациялық дамуымыздың қозғаушы күші ретінде елімізде құрылған технопарктер тандап алынды. Бүгінде аймақтық технопарктерге, ең алдымен, Қазақстанның бар өңірін инновациялық-индустриалды жағынан бірдей дамытуы үшін озық деген әдістер жүзеге асырылуда.

«Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету қылмыс...», – деген екен ұлы ойшыл Бернард Шоу. Сондықтан да, біздің реформалардың алдыңғы шебінде жастар болуы тиіс. Сенім артып отырған осы жастардың күш-жігері мен бастамашылдығы, олардың болашаққа ұмтылысы – көп ретте біздің бастамалар табыстылығының кепіліне айналады. Жас ұрпақ жаңа идеяларды ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды.

Пайымдай келгенде, болашақта елді дамытудың басты жолы интеллектуалдық ұлт қалыптастыру екендігіне сенімдімін [5].

Қазіргі ғылым мен білім бір мезгілде мамандану мен интеграциялану бағытында дамиды. Кәсібімен байланысты іс-әрекет түрінде әр түрлі ғылым салаларынан алған білімдерін жұмылдыра пайдалана алуға қабілетті кең салалы мамандарға қажетсіну артып отыр. Мұндай мамандарды даярлауда жүйелі ойлауды, объектіні көп жақты байланыстар мен қатынастардың бірлігінде көре білу іскерлігін дамыту бірінші дәрежелі мәнге ие болады. Интеграцияланған таным нәтижелері – жалпы ғылыми идеялардың, әдістемелік принциптердің, жүйелік талдау әдісінің мәнділігі қазіргі қоғамда артқандығы сондай ғылыми интеграция өнімдерін үйрету оның негізгі міндеттерінің біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені ол оқу үрдісінің барлық құрылымдық элементтерін – білім берудің мазмұнын, формаларын, технологиясын біртұтастыққа біріктіре отырып оның тиімділігінің артуына ықпал етеді. Жоғары білімдегі интеграция білімнің игерілуін, іскерліктер мен дағдылардың белгілі бір жүйеде қалыптасуын қамтамасыз етеді, ойлау іс-әрекетінің белсенді болуына, теориялық білімдердің студенттерге оқу-өндірістік іс-әрекеттеріне тасымалдануының жүзеге асуына ықпал етеді.

Ақпараттық қоғамда компьютерлер немесе байланыс сызықтары емес, станоктар да емес, білім, мамандардың шығармашылық ойлау әлеуеті шешуші мәнге ие болады. Соның нәтижесінде білім барынша құнды және әрдайым талап етілетін ресурсқа айналады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті, егер оны ғылымды көп қажет ететін технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада бағдарлана алатын жоғары білікті мамандар іс жүзіне асыратын болса ғана, шешілетін болады. Мәселен, осы заманғы білім беру саласындағы қызметкерлердің жұмысын қарастыратын болсақ, ол педагогикалық білімдердің ғана емес, сонымен бірге менеджерлік қабілеттердің кең ауқымына ие болуы да тиісті [6].

Қазақстан Республикасы соңғы үш жыл бойына ЮНЕСКО-ның жоғары білім беруді дамыту индексі бойынша әлемдік көшбасшылардың төрттігінде тұр. Бұл да ауызды толтырып айтатындай көрсеткіш. Елімізде қабылданып жатқан барлық заңдар, бағдарламалар мен реформалар өз жүйесін табуда. Тиімді адами капиталды құру, инновациялық жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрларды тәрбиелеу және жаңа технологияларды құруға ерекше назар мақсатында жоғары білім беру саласының ұйымдастыру негізі қаланды. Сонымен бірге тиімді адами капиталды құру, инновациялық жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрларды тәрбиелеу және жаңа технологияларды құруға ерекше назар аударылды. Жоғары білім беру үдерісіне оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын ұдайы енгізіп отыру аталған саланы жаһанданудағы ең басты міндеттердің бірі ретінде алға тартты [7].

Қазіргі күні Қазақстанда жоғары білімді мамандарды даярлаудың салалық жүйесі басым, ол гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласындағы білімін үйлестіретін, жан-жақты білім алған, бірнеше шет ел тілдерін меңгерген, басқарушылық бейімі бар жаңа ғасырдың жұмысшы күшін дайындауды мақсат етіп отыр. Білім жүйесі, оның ішінде жоғары білім халықты жұмыспен қамтуды ынталандырып, жұмыссыздықты қысқартуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған: - ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу; - әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу. Қорыта келе, қазіргі таңда ғылым мен білім сапасын арттыру үшін жастарды жан-жақты болуға дағдыландыру қажет. Мысалы, бос уақыттарын шет тілдерді үйренуге жұмсауы керек. Бұл процестің жастарды, оқытушыларды басқа елдерге жіберу, білім тәжірибе алмастыру аспектісі өте дұрыс ойластырылған деп есептеймін. Сонда ғана әлемде болып жатқан өзгерістерге шынайы баға беріп, жастарымыз шетелде үйренген тәжірибелерін өз мемлекетімізге қолдана отырып, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне салмақты сараптама жасап, дамытуға зор мүмкіндік болар еді. Шынымен де, адамдарға жоғары білім беруде мемлекеттік тұрғыдан қарап, мемлекеттің ұстанымы басым болуы керек. Бұл жердегі басымдық дегеніміз, білім саласын Білім және ғылым министрінің реттеуі емес, ол онсыз да

осы саланы реттейді, мәселе білім саласындағы болып жатқан барлық жаһандық интеграциялану мен нана-жаңалықтар мемлекетке пайда алып келу керек деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білімді жастардың болашағы – жоғарыға өрлететін жол»; Орталық Қазақстан; 6 қаңтар, 1998 жыл, 2 бет. psihologiya/6263-bilim-beru-denggeyin-koteru-yshin-qabyldanghan-memlekettik-baghdarlamalar-men-sharalar-.html
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. (2017 жылғы 31 қаңтар) «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
3. ҚР Конституциясына (1995 жыл) өзгертулер мен толықтырулар 2017 жыл. <https://szh.kz/20902/konstitutsiyagha-engizilgen-oezgerister-qabyldandy/>
4. Дәулетбақов Б. «Жоғары білім беру жүйесіндегі Болон үдерісінің қалыптасуы», «Экономика» республикалық газеті, 26.02.2014 жыл. group-global.org/.../34356-kazakstandagy-zhogary-bilim-beru..
5. <http://bilimdine.kz/index.php/item/605-bastauysh-bilim-berudi-zha-a-memlekettik-standarty-> сайты
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жыл. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, 2017 жыл. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319/_links
7. Рейтинг лучших университетов мира по версии Times Higher Education / THE World University Rankings (2016) <http://gtmarket.ru/ratings/the-world-university-rankings/info>

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Жайлауова Ақбота Әлібекқызы

akbota.zhailauva@mail.ru

Л.Н.Гумилеватындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.И. Ибрагимов

Біздің ата занымызда жазылғандай «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық», яғни мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық істерінде халық мүддесін сақтау керек [1]. Мемлекеттің дамуының бір шарты болып мемлекет азаматтарының барлық саладағы, құқықтық, әлеуметтік, саяси, басқа да заңды құқықтары мен міндеттерінің сақталуы. ҚР БҰҰ-ға кірген сәттен «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» сақтауы тиіс. Бұл декларацияны сақтау тек ұйымның бір шарты ғана емес, егемендік пен тәуелсіздіктің көрсеткіші. «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы». Қазір бұл құжат өркениетті адамзат түгел мойындаған, адам атаулының бәріне бірдей, дүние жүзінің прогресшіл күштері түгел таныған, адам құқықтары туралы негізгі құжат болып табылады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (ағылш. Universal Declaration of Human Rights, UDHR) — адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын жария еткен бірден-бір халықаралық-құқықтық құжаты. 1948 ж. 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 217 А (III) жарғысымен қабылданған және жарияланған. Құжатта белгіленіп, бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей мойындалуын, сақталуын және тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бұл құжаттың негізгі міндеті [2].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жазылу тарихын қарастырсақ, ол ағартушылық кезеңдегі, табиғи құқық идеясының пайда болу кезеңнен басталады. Осы идеяларға сәйкес, Великобританиядағы құқық туралы Билль, США құқықтары туралы Билль, адам және азаматтар құқықтар жөніндегі Фрэнкфурт декларация жазылды [3].